


Сабақтың тақырыбы:


Пайдалы қазбалардың түрлері.



Сабақтың мақсаты:



Білімдік: *пайдалы қазбалар туралы; олардың қасиеттері мен пайдаланылатын салалары, өндіру жолдары туралы түсінік қалыптастыруға ықпал ету;*



Дамытушылық: *оқушылардың танымдық белсенділігін, Қазақстан картасымен жұмыс істеу қабілетін дамыту; оқушылардың тіл байлығын дамытып, балаларды логикалық ойлауға, салыстырып, қорытынды жасауға үйрету.*



Тәрбиелік: *Табиғатты аялауға тәрбиелеу, ел байлығын үнемдеп пайдалануға үйрету.*



Сабаққа қажетті құралдар:

Қазақстанның пайдалы қазбалары картасы,
пайдалы қазбалар топтамасы, слайдтар,
сызба-кесте, практикалық жұмыс, нұсқа
тапсырмалары, қатар бойынша топқа бөлу,
тәжірибелер, көзге және қимылды сергіту
сәттері.




Сабақтың түрі:

жаңа білім беру сабағы.



Сабақтың әдіс-тәсілдері:

психологиялық дайындық, миды шынықтыру,
сызба-кесте, слайдтар, сөздік диктант,
оқулық бойынша жұмыс, сызбалар, өзінді
тексер(тест), тәжірибемен жұмыстар.



Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Психологиялық дайындық.

Қуан, шаттан алақай!
Қуанатын күн келді!
Қайырлы күн!
Қайырлы таң!
Күліп шықты бүгін күн!
Бәріміз дос болайық



Сен пайдалы қазбалар туралы не білесің?

а) Миды шынықтыру.

Пайдалы қазба деген не?

Пайдалы қазбалар қандай екі үлкен топқа бөлінеді?

Сен қандай пайдалы қазба туралы білесің? (Темір кені)

Кенсіз пайдалы қазбалар да екі топқа бөлінеді, ол қандай топтар?
(Құрылыстық және жанғыш қазбалар)

II. Миға шабуыл

Миды шынықтыру

Адамдар үй құрылысына қандай материалдарды қолданады? (цемент, кірпіш, бетон, орман, құм)

Жол құрылысына? (ұсақ тас, асфальт, бетон)

• Көпір жасау үшін? (бетон, темір)

Адамдар үйді немен жылытады? (ағаш, көмір, газ)

Адамдар бұл материалдарды қайдан алады? (табиғат, жер)

Жауабы: ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР

III. Мағынаны тану:

Оқулық бойынша жұмыс.

Оқулықтағы тақырыпты оқу, пайдалы қазбалардың негізгі топтарын бөліп көрсет..

(есте сақта, темір рудасы, гранит, әктас туралы түсінік беру.)

Сергіту сәті

Шахтер келді шахтаға,
Көмір қазып халқына.
Дайын болған көмірді,
Ұсынады халқына.





(таскөмір туралы жалпы түсінік, тәжірибе.)

Тәжірибе: №1 Таскөмір кесегін қолыңа алып, сындырып көр. Сындыра алмайсың. Таскөмір қатты. Енді көмір кесегін балғамен ұр. Ол кішкене кесектерге бөлінеді.
Тұжырым: Таскөмір морт сынғыш. ▯

2. Таскөмірді суға саламыз. Не байқадың? Суға бірден батып кетеді. ▯

Тұжырым: (ерімейді, судан ауыр,)



(мұнай туралы түсінік беру және одан өндірілетін заттар.)

Тәжірибе:

№1. Стақандағы суға аздап мұнай қосамыз да, жақсылап араластырамыз. Ү

- Не байқадың? (мұнай суға ерімейді және судың бетінде қалқып жүр)

Тұжырым: мұнай судан жеңіл.

№2. Металл тостағанға кішкене мұнай құйып, оған жанып тұрған сіріңкені жақындатамыз. Не болады? (мұнай жанады, одан жылу бөлінеді, толық жанып кетеді). Ү





(саз туралы түсінік беру)

Тәжірибе:

№3. Тостағанға саз балшық, су, цемент, құм салып араластырамыз. Не байқадың? (сұйық ботқа пайда болды) енді осы ботқаны кірпіш формасына құямыз, сабақтың соңында байқаймыз. Не болады деп ойлайсыңдар? ▸

Тұжырым:

(қатады, кірпіш формасы шығады)

2. Сол сияқты кесе, құмыра, табақ және мүсіндер жасап шығаруға болады. Оның созылмалы қасиетін пайдалану. ▸





ЕСТЕ САҚТА!

Пайдалы қазбалар – жер қойнауынан немесе жер бетінен қазып алынатын тау жыныстары. Бұл табиғат байлықтары адамның қажетіне жаратылады.

(планета)

Планетамызда қанша пайдалы қазбалар болса, соның бәрін біздің жерімізден ,яғни жер қойнауынан табуға болады екен.





- Темір рудасы
 1. Қатты
 2. Қоңыр түсті
 3. Мөлдір емес
 4. Мықты
 5. Өзіне темір заттарды тартып алады.



- Құм
Саз

1. Қатты

2. Сұр немесе қызыл түсті

3. Мөлдір емес

4. Бөлшекті

5. Өте мықты



■ Әктас

1. Қатты

2. Ақ немесе ақшыл сұр тас

3. Мөлдір емес

4. Мықты

5. Бір тамшы қышқыл қосса қайнайлы (газ бөлінеді).



- Таскөмір
 1. Қатты, морт сынғыш.
 2. Қара түсті жылтыр.
 3. Жақсы жанады және жылуды көп береді.
 4. Суда ерімейді.



Мұнайдан.

- ◆ Керосин
- ◆ Мазут
- ◆ Асфальт
- ◆ Синтетикалық каучук
- ◆ Спирт
- ◆ Лак
- ◆ Пластмасса
- ◆ Газ
- ◆ Мастика
- ◆ Бензил
- ◆ Автол
- ◆ Бензин
- ◆ Вазелин



- 1. Тау жыныстарының үгілуінен пайда болады.
- 2. Ақ, қызғылт, сұрғылт, көкшіл түстес келеді.
- 3. Ол оңай үгіледі.
- 4. Суды тез жібермейді.

IV. Сергіту сәті.

- 1, 2, 3, Қарлығаш болып ұш.
- 4, 5, 6, Қарлығаш болып шалқы.
- 7, 8, 9, 10, Қарлығаш болып қон.



■ IV. Сергіту сәті.

1, 2, 3, Қарлығаш болып ұш.

4, 5, 6, Қарлығаш болып шалқы.

7, 8, 9, 10, Қарлығаш болып қон.



■ V. Көмектес картасы.

Атауы Қасиеттері Маңызы мен қолдану аясы

- Таскөмір
I топ Жанғыш, судан ауыр, қара түсті, морт сынғыш. Үйде пеш жағуға, завод пен фабрикаларда, ауыл мектептері, монша т.б. жылу береді.
- Мұнай
II топ Жанғыш, сұйық иісі бар, судан жеңіл, қоңыр түсті. АЭС, машина, үй жылытуға, т.б. Жылу береді, қозғалыс күшін туғызады.
- Саз
III топ Судан ауыр, созылмалы, су өткізбейді, қоңыр түсті Кесе, аяқ – табақ, құмыра, мүсіндер т.б.

Картадағы белгісін сал

Темір рудасы –

Мұнай –

Таскөмір –



- Картадағы белгісін сал
Темір рудасы –
Мұнай –
Таскөмір –



- VI . Топтастыру стратегиясы.
Пайдалы қазбалар деп нені
атаймыз?

Пайдалы қазбалар

Сұйық

Қатты

Газ түрінде



- VI. Рефлексия: Слайд №28
 - Сабақ саған ұнады ма?
 - Несімен ұнады?
 - Саған жаңалық болған не?
 - Болашақ өмірде қолдануға пайдалы білім алдың ба? Ол не? түсіндіріп берсең.
 - Сабақта кім жақсы жауап берді деп ойлайсың?
 - Өзіңді тексер.(жинаған жетондарын санау)



- VII. Сабақты бекіту
- 5 жолды өлең құру.
1-топ: таскөмір
2-топ: мұнай
3-топ: саз



- VIII. Үйге тапсырма
50 – 51 бет оқу, түсінік айту.